



«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Хаттама №2

Өту мерзімі: 12.12.2024ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар: жоқ

№2 Әдістемелік кеңесінің күн тәртібі

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы білім беретін пән оқытушыларының рөлі	Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы - Байсугурова Ү.С.
2	Роль преподавателей общеобразовательных дисциплин в системе профессионального образования	Орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы - Кебекбаева С.Х.
3	Общие понятия суицидального поведения	Колледж психологі – Тұрсынбай Г.Б.
4	Білім алушыларды дұрыс бағалау жүйесі. Блум таксономиясының қағидалары. Журнал толтыру тәртібі. Электрондық журнал MOODLE бойынша есеп.	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары - Сисенбаева А.Ж.
5	Әртүрлі сұрақтар	

Тыңдалды:

1. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Байсугурова Умит Сапаровна «Кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы білім беретін пән оқытушыларының рөлі» тақырыбында баяндамасын ұсынды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» делінген. Оқытушының мақсаты мен міндеттерін айқындап, кәсіби бағдар аясында

тестілеу диагностикасын жасады. Сабақтың сипатын айқындап, сабақ барысында өткізетін әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

2. Екінші мәселе бойынша орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Кебекбаева Светлана Хамбабаевна «Роль преподавателей общеобразовательных дисциплин в системе профессионального образования» тақырыбында баяндамасын ұсынды. Сабақ барысында әр түрлі әдістер мен тәсілдер сабақты жандандыруға әрі түрлендіруге көмек болатынын атап өтті. RAFT технологиясына үңіліп, оқытушылармен тәжірибелік жұмыс жүргізді. Оқу сауаттылығы бойынша PISA негізінде қатысқан семинарынан теориялық материалмен бөлісіп, тапсырмалардың орындалуында дәлдік пен нақтылық болу керек екендігін айқындап кетті. Тәжірибелік тапсырма беріп, оқытушылар назарына ұсынды. «Алты қалпақ» әдісімен жұмыс жүргізіп, осы әдістің артықшылықтарына мән берді.
3. Үшінші мәселе бойынша колледжің психологы Тұрсынбай Гүлназ Бериковна «Общие понятия суицидального поведения. Профилактика суицидального поведения у подростков» тақырыбында оқытушылар және кураторлар назарына студенттер арасында суицидтік мінез-құлықты тану белгілерімен таныстырып өтті. Негізгі факторларын айқындап, әлемдік деңгейдегі статистикамен бөлісті: Әлем бойынша Қазақстан суицид бойынша 19 орында екенін атап өтті. Жасөспірім уақытында кез келген фактор мінез-құлықты өзгертуші әрі қалыптастырушы болып табылады, яғни, отбасы жағдайындағы мәселелер мен сабақ барысында кездесетін жағдаяттар кейбір студенттер үшін тым ауыртпалық әкелуі мүмкін, сондықтан, студенттер арасында оғаш мінезді немесе басқа да өзгерістер байқалатын жағдайларда міндетті түрде психологтың көмегіне жүгінуге болатынын атап өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева Асем Жантаовна «Білім алушыларды дұрыс бағалау жүйесі. Блум таксономиясының қағидалары. Журнал толтыру тәртібі. Электрондық журнал MOODLE бойынша есеп» баяндамасын ұсынды. 2024-2025 оқу жылының ағымдық бақылауында Блум таксономиясының қағидаларын ескере отырып, журнал толтырғанда дәлдік пен нақтылықты ұстануды талап етті. Ұсыныс ретінде берілген электрондық журнал MOODLE бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасап, тиімділігін көрсетті. 1 семестр қорытындысынан оң нәтиже алу мақсатында сабақ жоспарымен қатар бағалау парағын қолданудың ерекшеліктерін атап өтті, яғни, әр сабақта студенттің өзіндік бақылауы ашық түрде жүзеге асырылуына көмек болатынын ескерді. Осыған орай, журналдың қатаң есептілік құжат екенін еске салып, қателіктер жасау тыйым салынатынын ескертті. Сабақ үстінде теориялық журналды міндетті түрде алып, уақытында толтырылуын талап етті.

Шешімі:

1. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы білім беретін пән оқытушыларының рөлі айқындалып, студенттердің шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге, үнемі ізденіс үстінде болатын әдіс-тәсілдерді сабақ барысында қолдануда аға оқытушылардың тәжірибесі ескерілсін.

2. Суицидтік мінез-құлқы туралы ақпаратты саралау, кураторлар сессия уақытында жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруда колледждің психологымен бірлесе жұмыстар атқарылсын.
3. Білім алушыларды дұрыс бағалау жүйесі негізінде Блум таксономиясының қағидалары ескеріліп, сабақтарда бағалау парағы қолданылсын.

Методикалық кеңестің төрайымы:



Якенова Куралай Жумабековна

Хатшы:



Турсабекова Назипа Досжановна